

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтарға арналған оқу-әдістемелік журналына мақалаларды ұсыну кезіндегі авторларға арналған нұсқаулық

«Қосымша білім және тәрбие» журналындағы жарияланымдарға қойылатын талаптарды жаңарту Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚҚК, КОКСОН МНВО РК) критерийлеріне сәйкес редакциялық саясат пен жарияланатын материалдардың сапасын сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде журналды ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізуге бағытталған.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының редакциясы авторларға журнал ережелерімен (журнал туралы жалпы мәліметтерді, мақалаларды қарау тәртібін, авторларға арналған нұсқаулықты және жарияланымдық этика қағидаттарын қамтитын редакциялық саясатпен) мұқият танысып, жариялауға ұсынылатын материалдарды дайындау барысында оларды қатаң сақтауды ұсынады.

Мақаланы редакцияға жолдау автордың (авторлардың) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы» РМКК-ге мақаланы журналда жариялау құқығын беруіне келісім білдіретінін білдіреді.

1. Жалпы ережелер

«Қосымша білім және тәрбие» журналы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығының ғылыми-әдістемелік басылымы болып табылады.

Журнал қосымша білім беру, педагогика, психология, білім беру үдерісін цифрландыру және сабақтас салалар бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, әдістемелік әзірлемелерді және талдамалық материалдарды жариялауға арналған.

Журнал келесі қағидаттарды ұстанады:

- жарияланымдарға ашық қолжетімділік;
- академиялық адалдық пен жарияланымдық этиканы қамтамасыз ету;
- рецензиялау рәсімдерінің ашықтығы;
- жас зерттеушілер мен педагогтарды қолдау.

Журналдың миссиясы – қосымша білім беру жүйесінің ғылыми әлеуетін дамыту, инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату және қазақстандық педагогикалық ғылымды халықаралық білім беру кеңістігіне ықпалдастыру.

Журналдың мақсаттары:

- ғылыми білімдер мен педагогикалық практикалар алмасуға арналған алаң құру;
- жоғары сапалы түпнұсқа ғылыми зерттеулер мен әдістемелік материалдарды жариялау;
- қазақстандық авторлардың ғылыми дәйексөзделу деңгейін арттыруға жәрдемдесу;
- педагогика және қосымша білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

2. Материалдарды ұсынуға қойылатын талаптар

2.1. Материалдардың түрлері

Жариялауға төмендегі материалдар қабылданады:

- түпнұсқа ғылыми мақалалар;
- талдамалық шолулар;
- зерттеу қызметіне негізделген әдістемелік материалдар.

2.2. Жарияланым тілдері

- Мақалалар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде қабылданады.
- Мақаланың атауы, авторлар туралы мәліметтер, аннотация және түйінді сөздер үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) ұсынылуы тиіс.

2.3. Ұсыну тәртібі

- Қолжазбалар редакцияға электрондық түрде (*.doc немесе *.docx форматында) жіберіледі.
- Мақаланы ұсыну кезінде автор келесі мәліметтерді көрсетуі қажет:
 - о тегі, аты, әкесінің аты (толық);
 - о ғылыми дәрежесі, лауазымы;
 - о жұмыс орны және қызметі;
 - о байланыс үшін электрондық пошта мекенжайы.

*Авторларға қолжазбаның екі нұсқасын ұсыну ұсынылады: біріншісі — авторлар туралы мәліметтерді (аты-жөні, жұмыс орны және басқа деректер) қамтитын толық нұсқа, екіншісі — авторлардың деректері көрсетілмеген, қос «соқыр» рецензиялау рәсіміне арналған анонимдендірілген нұсқа. Сонымен қатар, ілеспе хат қоса берілуі тиіс. Қолжазба файлдары мақаланың тақырыбындағы алғашқы 4–5 сөзбен белгіленіп, нұсқа түрі көрсетілуі қажет (мысалы: Шек ұғымын оқыту әдістемесі туралы — авторлары бар файл; Шек ұғымын оқыту әдістемесі туралы — авторлары жоқ файл).

2.4. Авторлық

- Мақала бір автордың немесе бірнеше автордың (бірлескен авторлықта) ұсынуымен қабылдануы мүмкін.
- Хат алмасуға жауапты бір автор (corresponding author) белгіленеді.
- Мақаланы ұсыну кезінде әрбір қосалқы автордың үлесі көрсетілуі тиіс (мысалы: тұжырымдаманы әзірлеу, деректерді жинау, талдау, мәтінді жазу).

2.5. Шектеулер

- Бұрын басқа басылымдарда жарияланған немесе бір мезгілде бірнеше журналға жолданған материалдар журналда қаралмайды.
- Плагиат белгілері анықталған немесе құрылымдық талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар қайта қарау құқығынсыз қабылданбайды.

3. Мақаланың құрылымы

3.1. Метадеректер

1. Бірінші жол (сол жақтан) – FTAXP (Ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы, МРНТИ). FTAXP коды <http://grnti.ru/> сілтемесі бойынша анықталады.
2. Автор(лар) туралы мәліметтер – тегі, аты, әкесінің аты (толық), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (бар болған жағдайда), лауазымы және

ұйымның толық атауы, қала, ел, автор(лар)дың e-mail мекенжайы — ортасынан туралау, курсивпен жазылады.

3. Мақаланың атауы – ортасынан туралау, қалың қаріппен жазылады.

4. Аннотация және түйінді сөздер

5. • *Аннотация* – 150–250 сөз, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Аннотация мақаланың негізгі мазмұны мен құрылымын қысқаша сипаттауы тиіс. Ол мақаланың атауын қайталамауы, мәтінге немесе әдебиеттер тізіміне сілтемелерді қамтымауы қажет.

• *Түйінді сөздер* (5–7 сөз немесе сөз тіркесі) мақаланың негізгі мазмұнын ашып, оның пәндік саласын сипаттауы және мәтінде қолданылуы тиіс. Түйінді сөздер үтір арқылы бөлінеді.

6. Мақаланың негізгі мәтіні:

1. *Кіріспе* – зерттеудің өзектілігін негіздеу, мақсаттары мен міндеттерін айқындау.

2. *Әдебиеттерге шолу* – тақырып бойынша заманауи отандық және шетелдік зерттеулерді талдау (шетелдік дереккөздердің үлесі кемінде 30%).

3. *Зерттеу әдіснамасы* – қолданылған әдістерді, іріктемені, талдау құралдарын сипаттау.

4. *Зерттеу нәтижелері* – негізгі бөлім, деректерді, кестелерді, графиктерді, диаграммаларды ұсыну.

5. *Қорытынды* – негізгі тұжырымдар, практикалық маңыздылығы және әрі қарайғы зерттеулердің бағыттары.

Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер тізімінде тек жұмыстың мәтінінде сілтеме жасалған дереккөздер ғана көрсетілуі тиіс (дәйексөз келтіру реті бойынша нөмірленеді). Кемінде 10 дереккөз болуы қажет, оның ішінде кемінде 30%-ы шетелдік жарияланымдар (Scopus/WoS дерекқорларындағы, халықаралық журналдардағы мақалалар).

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгілері (ГОСТ 7.1–2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері» бойынша):

Кітапты рәсімдеу:

а) Рубинштейн С.Л. Общие психология негіздері. – Санкт-Петербург: Питер.Ком. – 1999. – 720 б.

Журнал мақаласын рәсімдеу:

б) Забродин Ю.М. Адам-оператордың функционалдық жай-күйлерін зерттеу және модельдеудің әдіснамалық мәселелері // Кибернетика мәселелері. Психикалық жай-күйлер және қызмет тиімділігі. – 1983. – Т. 3. № 25. – 15–21-бб. doi: ... (бар болған жағдайда).

Конференция материалдарын рәсімдеу:

в) Семенова В.Г. Құзыреттілікке негізделген білім беру моделіндегі оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды нысаны ретінде студенттердің өзіндік жұмысы // Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру: II Бүкілресейлік ғылыми-практикалық интернет-конференция баяндамаларының

материалдары. – Саратов: Новый проект, 2013. – 10–15-бб.

Газет мақаласын рәсімдеу:

г) Ахметова Н.Р. Студенттік жастың психологиясы // Педагогикалық хабаршы. – 2009. – № 12. – 4-б.

Ағылшын тіліндегі журнал мақаласын рәсімдеу:

д) Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. Instructors' attitudes toward active learning // Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects. – 2009. – Vol. 5. – P. 215–232.

Интернет-дереккөздерді

рәсімдеу:

е) Baldwin G. The teaching-research nexus: How research informs and enhances learning and teaching in the University of Melbourne [Электрондық ресурс]. – 2005. – URL: <http://www.cshe.unimelb.edu.au/> (қаралған күні: 15.08.2017).

Әдебиеттер тізімінен кейін орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде рәсімделсе), қазақ және ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде рәсімделсе) немесе орыс және қазақ тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде рәсімделсе) библиографиялық мәліметтер көрсетілуі тиіс. Атап айтқанда: мақаланың атауы, автор(лар)дың аты-жөні (инициалдары мен тегі), ұйымның толық атауы, қала, ел, мақаланың атауы, аннотация және түйінді сөздер беріледі.

Одан кейін әдебиеттер тізімінің ағылшын тіліндегі және транслитерацияланған нұсқаларының комбинациясы ұсынылады. Транслитерация <http://translit-online.ru/> сілтемесі бойынша онлайн-аудармашының көмегімен жүзеге асырылады. Аталған онлайн-аудармашы қазақ әліпбиіне тән кейбір әріптерді транслитерацияламайтындықтан, авторлар қазақ тіліндегі мәтінді транслитерациялағаннан кейін төменде көрсетілген ережелерді басшылыққа ала отырып, тиісті түзетулер енгізуі қажет.

ә	ғ	ң	ө	ү	ұ	қ	і
a	g	n	o	u	u	k	i

Әдебиеттер тізімінің ағылшын тіліндегі және транслитерацияланған бөліктерінің комбинациясын рәсімдеу үлгісі:

Кітапты рәсімдеу:

А) Rubinstein S.L. *Osnovy obshhej psihologii* [Жалпы психология негіздері] (Piter.Kom., Санкт-Петербург, 1999, 720 б.). [орыс тілінде]

Журнал мақаласын рәсімдеу:

В) Zabrodin Ju.M. *Metodologicheskie problemy issledovaniya i modelirovaniya funkcional'nyh sostojanij cheloveka-operatora* [Адам-оператордың функционалдық жай-күйлерін зерттеу және модельдеудің әдіснамалық мәселелері], *Voprosy kibernetiki. Psihicheskie sostojaniya i jeffektivnost' dejatel'nosti* [Кибернетика мәселелері. Психикалық жай-күйлер және қызмет тиімділігі], 3(25), 15–21 (1983). [орыс тілінде]

Конференция материалдарын рәсімдеу:

С) Semenova V.G. *Samostoyatel'naya rabota studentov kak vazhneyshaya forma organizatsii uchebnogo protsessa v ramkakh obrazovatel'noy kompetentnostnoy modeli* [Құзыреттілікке негізделген білім беру моделіндегі оқу үдерісін

ұйымдастырудың маңызды нысаны ретінде студенттердің өзіндік жұмысы], *Organizatsiya samostoyatel'noy raboty studentov: materialy dokladov II Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy internet-konferentsii*, Saratov: Novyy projekt [Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру: II Бүкілресейлік ғылыми-практикалық интернет-конференция материалдары, Саратов: «Новый проект»], 10–15 (2013). [орыс тілінде]

Газет мақаласын рәсімдеу:

D) Ahmetova N.R. *Psihologiya studencheskogo vozrasta* [Студенттік жастың психологиясы], *Pedagogicheskij vestnik* [Педагогикалық хабаршы], 2009. № 12. 4-б.

Ағылшын тіліндегі журнал мақаласын рәсімдеу:

E) Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. *Instructors' attitudes toward active learning*, *Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects*, 5, 215–232 (2009).

Интернет-ресурстарды рәсімдеу:

F) Baldwin G. *The teaching-research nexus: How research informs and enhances learning and teaching in the University of Melbourne* [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <http://www.cshe.unimelb.edu.au/.html> (қаралған күні: 15.08.2017).

4. Техникалық талаптар

4.1. Мақаланың көлемі

- Ғылыми мақалалар: 5–6 бет.
- Шолулар: 8 бетке дейін.
- Әдістемелік материалдар: 3–5 бет.

4.2. Мәтінді рәсімдеу параметрлері

- Қаріп: *Times New Roman*, өлшемі 12 pt.
- Жоларалық интервал: 1,5.
- Жиектер: барлық жағынан 2,5 см.
- Абзацтық шегініс: 1,25 см.
- Мәтінді туралау: ені бойынша (justify).

4.3. Атауы және тақырыпшалар

- Мақаланың атауы – қалың қаріппен, ортасынан тураланған, бас әріптермен жазылады.
- Мақаланың бөлімдері – қалың қаріппен, сол жақ шетке тураланып беріледі.

4.4. Кестелер

- Кезектілік бойынша нөмірленеді (Кесте 1, Кесте 2 және т.б.).
 - Кестенің атауы кестенің үстінде, ортасынан орналастырылады.
 - Әрбір кестеге мәтінде міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс.
- Сілтеме үлгісі: (*Кесте 1-ді қараңыз*).

4.5. Суреттер мен графиктер

- Кезектілік бойынша нөмірленеді (Сурет 1, Сурет 2 және т.б.).
 - Атауы суреттің астында, ортасынан орналастырылады.
 - Барлық суреттер *.jpg, *.png форматында, кемінде 300 dpi айқындығымен ұсынылуы тиіс.
 - Түстік белгілер қара-ақ басып шығарғанда да түсінікті болуы қажет.
- Сілтеме үлгісі: (*Сурет 3-ті қараңыз*).

4.6. Формулалар

- Оң жақта дөңгелек жақшамен үздіксіз нөмірленеді.
- Мысал: $E = mc^2$ (1).

4.7. Дереккөздерге сілтемелер

- Мақала мәтінінде сілтемелер дөңгелек жақшада көрсетіледі: (Smith, 2020), (Петрова, 2019).
- Бірнеше дереккөзге сілтеме жасалған жағдайда олар нүктелі үтір арқылы бөлінеді: (Smith, 2020; Ivanov, 2018).

4.8. Жарияланым үшін төлем шарттары

«Қосымша білім және тәрбие» оқу-әдістемелік журналында мақаланы жариялау ақылы негізде жүзеге асырылады. Бір мақаланы жариялау құны 10 000 (он мың) теңгені құрайды және оған редакциялық өңдеу, рецензиялау және журналдың электрондық нұсқасында орналастыру кіреді.

Мақаланың белгіленген көлемінен асып кеткен жағдайда нормативтен асатын әрбір толық немесе толық емес бет үшін 2000 (екі мың) теңге мөлшерінде қосымша төлем алынады.

Жариялау үшін төлем мақала редакциялық алқаның шешімі негізінде жариялауға қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады.

5. Рецензиялау және түпнұсқалықты тексеру

5.1. Рецензиялау

- Редакцияға келіп түскен барлық материалдар міндетті түрде рецензиялаудан өтеді.
- Рецензенттер мақаланың бейініне сәйкес редакциялық алқа мүшелері немесе сыртқы сарапшылар қатарынан тағайындалады.
- Рецензиялау үдерісі редакциялық алқаның шешіміне сәйкес анонимді немесе ашық түрде жүргізіледі.
- Рецензиялау нәтижелері бойынша рецензент келесі шешімдердің бірін ұсына алады:

о мақаланы өзгеріссіз қабылдау;

о ескертулерді көрсете отырып, пысықтаудан кейін қабылдау;

о мақаланы қабылдамау.

- Жариялау туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқа қабылдайды.

5.2. Түпнұсқалықты тексеру

- Барлық мақалалар арнайы бағдарламалық жүйелерді пайдалана отырып, плагиатқа тексеріледі.
- Мәтіннің түпнұсқалылық деңгейі кемінде 75% болуы тиіс (әдебиеттер тізімі мен жалпыға ортақ қалыптасқан тұжырымдар есепке алынбайды).
- Плагиат, өзін-өзі плагиаттау немесе тиісті сілтемелерсіз елеулі мәтіндік алымдар анықталған мақалалар қабылданбайды.

5.3. Этикалық талаптар

- Авторлар академиялық адалдық пен жарияланымдық этика қағидаттарын сақтауға міндетті.
- Қайталанатын жарияланымдарға, дереккөздерді дұрыс көрсетпей пайдалануға, деректерді қолдан жасауға немесе бұрмалауға жол берілмейді.
- Авторлар мүдделер қақтығысының бар-жоғын және қаржыландыру көздерін (бар болған жағдайда) ашық көрсетуге міндетті.

6. Этикалық нормалар және авторлық құқықтар

6.1. Этикалық қағидаттар

- Журнал академиялық адалдық пен жарияланымдық қызметтің адал тәжірибесі қағидаттарын ұстанады.
- Ұсынылған деректердің дұрыстығына, дәйексөздердің дәлдігіне және сілтемелердің дұрыс рәсімделуіне авторлар жеке жауапкершілік алады.
- Плагиатқа, өзін-өзі плагиаттауға, деректерді қолдан жасауға немесе бұрмалауға жол берілмейді.
- Барлық алынған материалдар (мәтіндер, кестелер, суреттер, иллюстрациялар) дереккөзге міндетті түрде сілтеме жасай отырып рәсімделуі тиіс.

6.2. Мүдделер қақтығысы

- Авторлар зерттеу нәтижелерін түсіндіруге әсер етуі мүмкін ықтимал мүдделер қақтығысын көрсетуге міндетті.
- Мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда мақалада: «*Мүдделер қақтығысы жоқ*» деп көрсетіледі.

6.3. Қаржыландыру көздері

- Егер зерттеу гранттар, бағдарламалар немесе қаржыландырудың өзге де түрлері аясында орындалған болса, автор бұл туралы алғыс білдіру бөлімінде көрсетуге міндетті.

6.4. Авторлық құқықтар

- Автор (немесе авторлар ұжымы) мақаланың авторлық құқықтарын өзінде сақтайды.
- Мақаланы редакцияға жолдау автордың журналдың баспа және электрондық нұсқаларында мақаланы тегін таратуға келісім білдіргенін білдіреді.
- Журнал авторлықты міндетті түрде көрсете отырып, мақалаларды ресми сайтта және электрондық кітапханаларда ашық қолжетімді түрде орналастыруға құқылы.

7. Жариялау жүйелілігі және тәртібі

7.1. Шығу жиілігі

- «Қосымша білім және тәрбие» журналы жылына кемінде 4 рет шығарылады.
- Нөмірлердің нақты шығу мерзімдері редакциялық алқа тарапынан бекітіледі және қатаң сақталады.

7.2. Тарату нысаны

- Журнал электрондық нұсқада шығарылады.
- Электрондық нұсқа журналдың ресми сайтында қолжетімді.

7.3. Жарияланымдардың қолжетімділігі

- Журналдағы барлық материалдар ашық қолжетімділікте орналастырылады және шектеусіз оқуға мүмкіндік береді.
- Жарияланған материалдарды пайдалану және дәйексөз келтіру автор мен жарияланған дереккөзді міндетті түрде көрсете отырып жүзеге асырылады.

7.4. Журнал мұрағаты

- Барлық нөмірлердің электрондық нұсқалары журналдың ресми сайтындағы мұрағатта сақталады.

8. Редакцияның байланыс ақпараты

«Қосымша білім және тәрбие» журналының редакциясы материалдар мен сұрақтарды төмендегі байланыс арналары арқылы қабылдайды:

- **Мекеме:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы
- **Мекенжай:** 010000, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 55Б
- **Редакцияның электрондық поштасы:** remcselab2025@gmail.com
- **Журналдың сайты:** <https://www.ziyatker.org>